

МИССИЯ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

КОМПАНИЯНЫҢ ПАЙЫМЫ

«ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АУЫСУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚТЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН НАРЫҚТЫ ӨЗГЕРТУГЕ ҮЛЕС ҚОСЫП, ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСІП БАРА ЖАТҚАН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯНЫ ДАМУҒА АРҚЫЛЫ ТҰРАҚТЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСАТЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЭЖ-ІНІҢ ЖҮЙЕЛІК ОПЕРАТОРЫ».

КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ СЕНІМДІЛІГІН, ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ МЕН ОЗЫҚ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Даму жоспары (Стратегия) Компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына бағытталған, энергетикалық ауысумен және ЖЭК энергетикалық жүйеге бірігуімен байланысты жаһандық трендтердің әсерін есепке алады, экономиканы көміртексіздендіруге байланысты процестерді және елдегі экономикалық өсуді қамтамасыз етуді, Қазақстанда орта мерзімді келешекте электр энергиясы мен қуаты тапшылығының туындау мәселелерін шешу қажеттілігін, заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды, ҒЗТКЖ-ны енгізуді, ESG қағидаттарына бейілділікті ескереді.

КОМПАНИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 2-6

КОМПАНИЯ ҚҰРЫЛЫМЫНА «ЖҮЙЕАРАЛЫҚ ЭЛЕКТР ТОРАПТАРЫ» (ЖЭТ) 9 ФИЛИАЛЫ ЖӘНЕ «ЖҮЙЕЛІК ОПЕРАТОРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ДИСПЕТЧЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ» (ЖО ҰДО) ФИЛИАЛЫ КІРЕДІ.

ЖО ҰДО Қазақстан Республикасы БЭЖ орталықтандырылған диспетчерлік басқаруын жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының БЭЖ-дегі орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару тікелей жедел бағыныштылық қағидаты бойынша ұйымдастырылған: ЖО ҰДО-ға «KEGOC» АҚ-тың құрылымдық бөлімшелері болып саналатын «ЖЭТ» филиалдарының құрамындағы 9 өңірлік диспетчерлік орталық (ӨДО) бағынады.

«KEGOC» АҚ еншілес ұйымы — «Энергоинформ» АҚ-ның жалғыз акционері болып табылады. «Энергоинформ» АҚ миссиясы — ең үздік әлемдік тәжірибелер мен инновациялық технологиялардың қолданылуымен ҚР БЭЖ ақпараттық-телекоммуникациялық кешенін сенімді жұмыс істеуін және тиімді дамуын қамтамасыз ету. Негізгі қызметі — «KEGOC» АҚ-ның ақпараттық-телекоммуникациялық

кешеніне, соның ішінде ЭКЕАЖ, SCADA, ЭТН, АБЖ, ЖЖ, РРЖ, СБС, КҚЖ, АТС, ТОВЖ, ӨКЖ жүйелеріне қызмет көрсету және корпоративтік сервистер.

Бұдан басқа, «KEGOC» АҚ «Солтүстік Қазақстан — Ақтөбе облысы өңіраралық ЭЖЖ-ні салу» жобасын іске асыру үшін 2005 жылы құрылған «Батыс транзит» АҚ-ның акционері (акцияларының 20%-ы) болып табылады.

